

10.12.2019 ж.

Тәуелсіз елім-тұғырың сенің биікте!

Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, сол арманға қол жеткізгенімізге биыл 28 жыл толып отыр, яғни 1991 жылы дүниеге жаңа мемлекет-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. Бұл Тәуелсіздік-тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, тәтті сыйы десекте болады. Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай №2 ОҒӘК-ның оқу зал бөлімінде «Тәуелсіз елім-тұғырың сенің биікте!» деген тақырыпта кітап көрмесі құрылды. Біздің мақсатымыз оқырмандарымызға ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі ету, егеменді ел болғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау. Көрме «Тәуелсіздік-Ұлы дала арманы» және «Тәуелсіз елім-мақтанышым менің» атты екі бөлімнен тұрады. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттық үшін аянбай күресіп келе жатқан қазақ елінің тарихын баяндайтын әдебиеттерден бастау алған көрмеде тәуелсіздік алған сәттен бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен жолы, жеткен жетістіктері туралы еңбектер мен рухани игі өзгерістерді белесін көпшілікке танытатын фотоальбомдар, тәуелсіздік жылдарында жарық көрген туындылардармен қоса, мерзімді баспа беттеріне шыққан мақалаларда қойылған. Бұл көрмеміз қаламыздағы Назипа Құлжанова атындағы гуманитарлық колледжінің ұстаздары мен студенттеріне таныстырылып, кітаптарға шолу жасалынды.



